

Нарын-Сырдария су қоймалары құламасының су-энергетикалық режимін реттеудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 қаңтардағы N 5 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, Қырғыз Республикасымен су-энергетикалық режимді тұрақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Электр станциялары" ашық акционерлік қоғамы (Қырғыз Республикасы) 2004 жылғы вегетация кезеңі уақытындағы технологиялық ысырапқа арналған сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар 180 миллион кВт сағат көлемінде электр энергиясын - тауарды беруші болып белгіленсін.

2. "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" (бұдан әрі - "KEGOC" ААҚ) ашық акционерлік қоғамына белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген берушіден бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілімен 2004 жылғы вегетация кезеңі уақытындағы технологиялық ысырапқа арналған 180 миллион кВт сағат көлемінде электр энергиясын алдын ала ақы төлеу шартымен сатып алуды жүзеге асыру ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы, Энергетика және минералдық ресурстар министрліктері "KEGOC" ААҚ акциялары бойынша 2003 жыл үшін дивидендтер төлеу мерзімін 2004 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзарту туралы мәселе қарасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі